Бекітемін:

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: М.А.Татранова

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы** Т.Г.Шевченко атындағы ЖОББМ жанындағы «Қарлығаш» шо
**Топ** «Балапан» кіші тобы
**Балалардың жасы** 2-3 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 23-27 қазан 2023 жыл

| **Апта күндері** | ***Сенбі*** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Баланың қасықты қай қолмен ұстайтынын ескеру", "Есте сақтау қабілетін дамыту жаттығулары", "Күз құбылыстарын айтқызу және байқатудың маңызы". **( сөйлеуді дамыту)** | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | | | | | | |
| | **Әтеш (қораз) ойыншығымен ойнату.** Балаларға көркем сөзді тыңдап, педагогтің соңынан балапанның қимылдарына еліктеуді, эмоционалды жауап | **«Тостаған»** Үш бөліктен тұратын тостағанның суретін қағаздан кеңістікте дұрыс орналастыра отырып құрастыруға | | | **Пішін салғыш ойыншықпен ойын. "Тауық"** Баланың ойлау қабілеттерін, қолдың моторикасын дамыту. Пішіндерді | **"Піскен бауырсақтар".** Балаларды көлемі бірыңғай, домалақ пішінді бейнелерді (бауырсақтарды) қатарымен, бір сызықтың бойына, жапсыру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | беруге ынталандыру. Қоразды бейнелеп, жапсыру. **жапсыру, сурет салу )**<br><br>Үлкен және кішкентай сәбіздер". **(Мүсіндеу)** | үйрету. (қиылған бөліктер)<br>**(Құрастыру, сенсорика)**<br><br>**"Қуыршақтарға кәмпиттер".** ермексазбен таныстыра отырып, одан әртүрлі көлемдегі пішіндер жасауға (ұсақтап бөліп, саусақтармен үзіп, үйкелеп) үйрету;<br>**(Мүсіндеу, жапсыру)** | | бейнелеп жапсыру. **жапсыру, сурет салу )**<br><br>**"Түрлі ойыншықтар"** Балаларға біркелкі заттар мен геометриялық пішіндер жөнінде қарапайым түсінік бере отырып, ортақ пішіні және көлеміне қарап, біріктіруге үйрету;<br><br>**(Сенсорика, құрастыру )** | амалдарын игерту;<br>**(Жапсыру, сенсорика, құрастыру)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі)**<br>1. "Керілу жаттығулары".<br>– Б.қ. - аяқты бірге немесе иық деңгейіне сай қою.<br>– Бір қолды жоғары көтеріп, екіншісін жанға қарай созады, одан кейін керісінше осы ретпен кезек-кезек қайталайды. Жаттығу баяу, ақырын жасаулағ тиіс. Ырғақ: 1-2 -керілу- тыныс алу; 3-4 бастапқы қалыпқа оралу дем шығару.<br>2. "Қол және иыққа арналған жаттығулар".<br>– Б.қ. - аяқты иық деңгейіне сай қою.<br>– Қолды иыққа қою. Қолды иыққа қарай иген күйде айналдыра қозғау;<br>– Түзу тұрған қолды айналдыру.<br>– Бір қолды жоғары көтеріп, екіншісін кейін серпиді де, осы қимылдар бірнеше қайталанады. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **таныстырудан ойын-жаттығу.**<br>"Көлдегі үйректер".<br>Балаларға үйрек туралы ұғым бере отырып, тілін, үй құстарына деген эмоциялық қабылдауын дамыту.<br>"Үйректі салайық" дамытушы жаттығуы.<br>**( қоршаған ортамен танысу )** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Ауладағы құстарды бақылау (шығаратын дыбыстары).**<br>Балаларды құстардың шиқылдаған дыбыстарын тыңдауға ынталандыру; құстардың дыбыстарына еліктеуге үйрету.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды ағаштан түсіп | **Ұшқан құстарды бақылау.**<br>Балалардың көңілдерін жылы жаққа ұшқан құстарға аудару; құстардың үйірімге жиналып ұшатынын байқату, "құстар көп" сөздерін айтқызу; жыл құстары туралы ұғымдарды қалыптастыру. | | **Ақшыл бұлтты бақылау.**<br>Балаларға көгілдір ақшыл бұлттарды байқауға үйрету; бұлттардың ақ мамықтай түрлі бейнелерге ұқсайтыны туралы баяндап, түйсігін, ой-қиялын дамыту.<br>**Еңбекке баулу** | **Ұшқан құстарды бақылау.**<br>Балалардың көңілдерін жылы жаққа ұшқан құстарға аудару; құстардың үйірімге жиналып ұшатынын байқату, "құстар көп" сөздерін айтқызу; жыл құстары туралы ұғымдарды қалыптастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Кім тыныш?"** қимылды ойыны.<br><br>**(Көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу, )** | **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Қаздар" қимылды ойыны.**<br>Балаларды көркем сөз мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естіген кезде, бір бағытта, бір-біріне соғылмай, жүгіруге үйрету; жүгіруде қолдарын жан-жаққа бұлғап, қаздың қимылын қайталауға ынталандыру; айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуға баулу.<br>**(Көркем әдебиет,** | | **тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны.**<br>Балаларды белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруге жаттықтыру.<br>**Көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу )** | **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды гүлзарды тазалауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; әсемдікке деген қызығушылықты арттыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Қораз" қимылды жаттығуы.**<br>Балаларды қораз (әтеш) қимылдарына еліктеуге ынталандыру, тізелерін жоғары көтеріп, қолдарымен екі санын сыртынан соққылауға үйрету, бұлшық еттерін дамыту; жасалған жаттығудан жағымды әсер алуға талпындыру.<br>**(Көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **қоршаған ортамен танысу)** | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **«Мен секілді жаса»** пирамида туралы түсінік беру, түстерді дұрыс ажыратуға үйрету, шығыршық дөңгелектер жасауды үйрету**(Сенсорика, құрастыру)** | **"Айна" ойыны.**<br><br>зейінді, есте сақтауды және байқампаздықты, жағымды эмоцияларды дамыту.<br><br>**(Сурет салу.)**<br>"Доп кетті домалап". Балаларды сурет салу құралы қарындашпен таныстыра отырып, оны үш саусақпен ұстап, қарапайым түзу бағытта көлденең сызықтар қалдыруға үйрету;<br>"Допты сипайық" ойын рефлексиясы. | | **"Не қалай дыбыстайды?" дидактикалық ойыны.**<br>. Балаларды құстардың дыбыстарын айтуға ынталандыру; құстарды ажыратуға үйрету; жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін дамыту. Педагог балаларға тырна, торғай дыбыстарын тыңдатады, олардың дыбыстарына еліктеу сөздерді айтқызады.<br><br>**(Мүсіндеу)** «Досыма арналған бәліш» бәлішті мүсіндеу | **(Мүсіндеу)**<br>**«Балабақшадағы әр түрлі доптар»**<br>Ермексазды алақанның арасында дұрыс домалату дағдыларын қалыптастыру. |
| **Балалармен жеке** | Саусақ жаттығуы. | "Жеміс-көгөніс" | | Балапан | Ермексаздан шамасы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **жұмыс** | "Құлыптар". | дидактикалық ойыны. | | ойыншығымен ойнату. Исламмен | бірдей ұсақ кесектерді үзу, жемді илеу амалын игерту. "Құстарға жем". Кәусармен жұмыс |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Баланың қасықты қай қолмен ұстайтынын ескеру", "Есте сақтау қабілетін дамыту жаттығулары", "Күз құбылыстарын айтқызу және байқатудың маңызы". | | | | |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы** Т.Г.Шевченко атындағы ЖОББМ жанындағы «Қарлығаш» шо
**Топ** «Балапан» кіші тобы
**Балалардың жасы** 2-3 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 16-20 қазан 2023 жыл

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Тамақтану рәсімін игертудің маңызы", "Нанның пайдалы элементтері", "Баланы мезгілге сай киіндіру және шынықтыру шаралары". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | | | | | |
| | **"Алтын астық" қимылды жаттығуы.** "Алтын астық" тақпағын мәнерлеп оқу. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Еліктеу сөздерін, сөздерді және | **Бауырсақ ойыншығымен ойнату. "Бауырсақ".** Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді | **Қуыршақ ойыншығымен ойнату.** Әлди, әлди! Әлди, әлди, бөпешім, Ән сап берем, келе ғой. Жыламашы, көкешім, | **Тышқан ойыншығымен ойнату.** Тықыр-тықыр тықырлап, Кеміріп, бидай ұрлап, Тышқан жүр, еден тесіп. Көрейік оны, барлап. | **"Торт шеңберін безендірейік" үстел үсті ойыны.** Педагог қағаздан дайындалған түрлі түстерге боялған дөңгелек фондарды дайындап қояды, табақшаларға қағаздан қиылған немесе пластиктен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету.<br>Ел егінді жинайды,<br>Қырманға дән сыймайды.<br>Біздің дала - бай дала,<br>Алтын астық айнала.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Жіңішке және жалпақ жол»**<br>балаларды құрылыс материалдарынан (текшелер) кеңістікте жалпақ және жіңішке жол жасауға үйрету.<br>**(Құрастыру, Сурет салу)** | толық қайталауға ынталандыру.<br><br>- Бауыр-бауыр-бауырсақ,<br>Сенің бетің домалақ,<br>Сенің дәмің тәп-тәтті.<br>Абайлашы, сақ болшы!<br>Д. Ахметова<br>**(Көркем әдебиет сөйлеуді дамыту)**<br><br>**«Ашық шамдар»**<br>Қызыл, сары, көк түсті дөңгелек пішіндерді түзу сызық бойына желімсіз орналастыру.<br>**(жапсыру, сенсорика)** | Жұбатқанға көне ғой.<br>**( сөйлеуді дамыту)**<br><br>**(Сурет салу)**<br>**«Көңілді жол»** (екі түсті бояумен жол салу)<br>**(Құрастыру, сенсорика)«Доп»** қиылған бөліктерден доп құрастыру.<br>(қағаз) | Д. Ахметова<br>**( сөйлеуді дамыту)**<br><br>**(Сурет салу)**<br>Қағазбен, қарындашпен сурет салу техникасын, түзу сызықтар арқылы балабақшаға баратын жолды салу<br>**«Қуыршаққа арналған моншақтар»**<br>балаларды әр түрлі геометриялық бөлшектерді бауға тізбектеу.<br>**(Сенсорика, құрастыру)** | мөлшердері бірыңғай геометриялық пішіндерді (үшбұрыш, дөңгелек, шаршы) салып қояды.<br>Торт десе - ол тәтті нан,<br>Түрлі гүлге боялған:<br>Дөңгелек, үшбұрыш, шаршы -<br>Торттың үстіне қарайықшы.<br>**(Сенсорика, құрастыру, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**(Сурет салу)**<br>«Ыдыстағы көкөніс» |
| **Таңертеңгі жаттығу**<br><br>**(мүсіндеу, жапсыру,** | **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі)**<br>1–1 Балаларға қолды бастан жоғары көтеріп, қоянның құлағын жасау, қолдарын жоғары көтеріп, шапалақтау, бір мезгілде аяқтың ұшына көтерілу (3 рет қайталау). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **сурет салу сөйлеуді дамыту)**<br><br>**(Музыка дене шынықтыру)**<br><br>**(Көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу, )**<br>**(сенсорика, құрастыру)** | 2.Б.қ. Қолды төске қойып, қоянның кейпіне ену.<br>2–1 оң иықты көтеру;<br>2–2 б.қ. келу;<br>2–3– сол иықты көтеру.<br>2–4. б.қ. келу (3 рет қайталау).<br>3.Б.қ. Қолды төске қойып, қоян сияқты тұру.<br>3–1– 3 рет секіру;<br>3–2 – б.қ. келу;<br>3–3– 3 рет секіру;<br>3–4. б.қ. келу (2 рет қайталау). **(Музыка дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған оқу қызметіне бірізділікте жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>Жел еседі алқапта,<br>Бидай толды масақта.<br>Масақты жинап, терейік,<br>Ұннан нанды пісірейік.<br>Нан ыстық, аппақ,<br>Ұстауға жұмсақ.<br>Д. Ахметова | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру.**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:**<br><br>**Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін** | **Музыка.**<br>"Көңілді тоқаштар". Балалардың дәліз туралы әнді мұқият тыңдап, сипатын ажырата білуге үйрету;әнді қабылдау | **Дене шынықтыру.**<br>**Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға** | **Дене шынықтыру.**<br>**Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.**<br>Бастапқы қалыпта | Үстел-үсті ойыны:<br>**«Моншақтарды тізбекте (жапсыру)**<br>**«Доптар»**<br>Шарты: Ермексазды домалақтау әдісі арқылы доп жасауға үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.** Қолды екі жаққа көтеру.<br>**« Қазан доп » №21** | қабілеті мен шығармашылыққа баулу; музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды педагогқа ілесе қайталай білуге машықтандыру; нанның қасиетімен таныстыру.<br>"Ол не?" ойыны. | **арналған жаттығулар**. Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу.<br>**« Қу түлкі » №22** | тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бүгу.<br>**« Тышқан аулау »№23** | **(Мүсіндеу)** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Күзгі ауа райын бақылау.**<br>Мақсаты. Балаларға күз мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, күздің ауа райы бұлтты, салқын болуына көңіл | **Сары жапырақтарды бақылау.**<br>Мақсаты. Балалардың көңілін сары жапырақтарға аудару, жапырақтардың | **Бұлттарды бақылау.**<br>Мақсаты. Балалардың көк аспанда ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ | **Күзгі ауа райын бақылау.**<br>Мақсаты. Балаларға күз мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, күздің ауа райы бұлтты, салқын болуына көңіл | **Топырақты бақылау.**<br>Мақсаты. Балаларға топырақтың дымқыл не құрғақ болғанын көрсету, құрғақ жермен жүргенді ұсыну.<br>Педагог дымқыл топыраққа табанын басып, балаларға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейінді, ойлау қабілетін дамыту.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Біз шалқандай өстік" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсаты. Балаларды шоқайып отыру және орыннан тұрып, белгілі қимылдарды жасауға ынталандыру; | жерге түсу құбылысын байқату; күз құбылыстары жөнінде ұғымдарды қалыптастыру; зейінді, ойлау қабілетін дамыту.<br>Ұшты талдан жапырақ<br>Сары көбелек секілді.<br>Аспанда жай шатырлап,<br>Тамшы жерде секірді.<br>М. Әлімбаев<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге | мамықтай болғанына, бейнелерге ұқсағанына көңіл аудару.<br>*"Аспанда".*<br>Бір бұлт шықты бие болып,<br>Бір бұлт шықты түйе болып,<br>Бір бұлт шықты шошқа болып,<br>Бір бұлт шықты қошқар болып.<br>Қ. Мырзалиев.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды гүлзарды қурап қалған жапырақтардан тазалауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру;<br>**"Бұлттар ұқсап ұшайық" қимылды ойыны.**<br>Мақсаты. Балаларға | аудару, адамдарды жала киінгенін байқату; зейінді, ойлау қабілетін дамыту.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Ей! Бауырсақ, Бауырсақ!" ойыны.**<br>Мақсаты.Балаларға сапта (марш) адымдап басу қимылдарына жаттықтыру, педагогке еліктеп, қимылдарды жасап, | табанға балшықтың жабысқанын көрсету мүмкін.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру.<br>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту.<br>**"Мысық пен тышқандар" қимылды ойыны.**<br>Мақсаты. Балаларды сигналмен қозғалу әдебіне үйрету; жан-жаққа шашылып жүгіру қабілетін қалыптастыру; ептілікке, жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Педагог дауыс ырғағына аса назар аударады. Ойын екі рет ойнатылуы мүмкін.<br>**(Көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шалқан көкөнісінің бақшада өсуі туралы ұғымдарды қалыптастыру; жаттығуларды жасауда жағымды көңіл-күйге бөлену қабілетін қалыптастыру. **(Сөйлеуді дамыту, қоршаған орта.)** | әрекет етуге баулу. **"Кім тыныш?" қимылды ойыны.** Мақсаты. Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқ ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; **(қоршаған орта.)** | бір бағыттан екінші көрсетлігген бағытқа қарай жүгіруді үйрету; ой-қиялын дамыту. **(Көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** | сөздерді қайталап жүруге қызықтыру. **(Көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Пішіндер бойынша жұптарды жина" дидактикалық ойыны.** Балаларды пішіндерді ажыратуға үйрету; түрлі түсті пішіндер жұптарын жинауда жаттықтыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінін, ойлау | **"Үй салайық".** бір қасиетті негізге ала отырып, қасиеттері бөлек заттарды екі қолға бөліп ұстау арқылы оң және сол жақты ажыратуды үйрету; (**Құрастыру**). «Балабақшадағы әдемі бояулар» | **Жапсырудан ойын-жаттығу** "Піскен бауырсақтар". Балаларды көлемі бірыңғай, домалақ пішінді бейнелерді (бауырсақтарды) қатарымен, бір сызықтың бойына, пішінге желімді жағып жапсыруға, | **(Жапсыру)** Дөңгелектің ішіне кішкентай көлемді сопақша пішіндерді орналастыра білуге үйрету. **(Мүсіндеу)** "Қош келдің, Алтын күз» | **"Бауырсақ кімнен қашты" дамытушы ойыны.** Балалардың білімдерін "Бауырсақ" ертегісінің желісі жөнінде пысықтау, тиянақтау; әлеуметтік қатынастарға қызығушылық ояту. Құралдар: "бауырсақ" кейіпкерлерінің жеке суреттері. - Балалар, мен "Бауырсақ" |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қабілетін дамыту. Пішіндерді мүсіндеп жапсыруға дағдыландыру. **(мүсіндеу, жапсыру, сенсорика)** | Көлденең, тігінен сызықтар сызу. **(Сурет салу)** **(Мүсіндеу)** «Досыма арналған бәліш» бәлішті мүсіндеу | мүсіндеуге сүлгіні қолдануға үйрету; **"Дәмін көрейік"** рефлексиясы. **"Бауырсақ" ертегісін мәнерлеп оқып беру.** Балаларды ертегімен таныстыру, эмоционалды жауаптарды ояту. **(мүсіндеу, жапсыру)** | | ертегісінің кейіпкерлерін көрсетіп отырайын, ал сендер бауырсақтың неден қашқанын айтып отырыңдар. "Бауырсақ" ертегісінің кейіпкерлерін қатарға салып беру, аталған сайын көрсетіп отыру. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Ермексаздан шарды илеу амалын игерту. "Бауырсақ". Исламмен жұмыстану. | Кірпі арқасы инеге толған,<br>Жүгіріп жүр айнала,<br>Көк майса шөпті аралап,<br>Пысылдап, иіскеп, қазып.<br>Д. Ахметова<br>Мейірімге қайталату. | Бауырсақ ойыншығымен ойнату. *"Бауырсақ"*. Шұғыламен жұмыстану | - Күзім-күзім, күзім-ау,<br>Мінезің бұзық-ау.<br>Жаңбырың сіркіреп<br>Келгенің қызық-ау.<br>Қ. Ыдырысов<br>Дәулетбекке қайталату | "Ей! Бауырсақ, Бауырсақ!" ойыны.<br>- Ей, Бауырсақ!<br>Ей, Бауырсақ!<br>Міне, алысқа жолақ.<br>Жалғыз болып, қалдың ба?<br>Тоқтамай жүр, адымда!<br>Каусарға қайталату |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Тамақтану рәсімін игертудің маңызы", "Нанның пайдалы элементтері", "Баланы мезгілге сай киіндіру және шынықтыру шаралары". | | | | |